

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрлігі
Медициналық және
фармацевтикалық қызметті
бақылау комитеті Төрағасының
20_ жылғы “_____” _____
№ _____ бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Дәрілік затты медициналық қолдану
жөніндегі нұсқаулық**

Аскорбин қышқылы қантпен

Саудалық атауы

Аскорбин қышқылы қантпен

Халықаралық патенттелмеген атауы

Аскорбин қышқылы

Дәрілік түрі

0,025г таблеткалар

Құрамы

Бір таблетканың құрамында

белсенді зат – 0,025 г аскорбин қышқылы,

қосымша заттар – қант, картоп крахмалы, тальк, хош иісті тағамдық
эссенция

Сипаттамасы

Қышқылтым-тәтті, шабдалы дәмі бар сызығы жоқ, ақ түсті таблеткалар.

Фармакотерапиялық тобы

Дәрумендер. Басқа препараттармен біріктірілімдерді қоса аскорбин қышқылы. Таза түрдегі аскорбин қышқылы. Аскорбин қышқылы.

АТХ коды А11GA01

Фармакологиялық қасиеттері

Фармакодинамикасы

Аскорбин қышқылы негізінен он екі елі және аш ішекте жақсы сіңеді. Енгізгеннен кейін 30 минуттан кейін тіндермен қарқынды қармалуы басталады, қандағы аскорбин қышқылының мөлшері айтарлықтай жоғарылайды, бұл орайда ол бастапқыда дегидроаскорбин қышқылына

айналуы жүреді, ол энергетикалық шығынсыз жасуша жарғақшасы арқылы өтуге және жасушада тез қалпына келу қабілетіне иеленген. Аскорбин қышқылы іс-жүзінде тек жасуша ішінде ғана болады және үш – аскорбин мен дегидроаскорбин қышқылдары және аскорбиген (аскорбин қышқылымен байланысты) түрінде анықталады. Ағзалар арасында таралуы бірқалыпты емес: ол ішкі сөлініс бездерінде, әсіресе бүйрекүсті бездерінде көп, мида, бүйрек, бауыр, жүрек және қаңқа бұлшықеттерінде аз болады. Аскорбин қышқылы ішінара метаболизденеді және 90%-ға дейін бүйректермен оксалат түрінде, ішінара бос түрінде шығарылады.

Фармакокинетикасы

Аскорбин қышқылы тотығу-тотықсыздану үдерістеріне, көмірсу алмасуын қалпына келтіруге, қан ұю үдерісіне, стероидты гормондардың синтезіне, тіндердің регенерациясына, коллагендердің және проколлагеннің синтезіне, капиллярлардың өткізгіштігін қалпына келтіруге қатысады. Организмде синтезделмейтін, аскорбин қышқылының тағамдарда жеткіліксіздігі авитаминоздың және С гиповитаминозының дамуына әкеледі.

Қолданылуы

- С витаминінің гипо- және авитаминозын емдеуде және профилактикасында
- ұзақ және ауыр аурулардан кейін сауығу кезеңінде.

Қолдану тәсілдері және дозалары

Препаратты ішке, тамақтанғаннан кейін қабылдайды.

Профилактика мақсатында: Ересектерге тәулігіне 50-100 мг; балаларға тәулігіне 25 мг тағайындайды.

Емдік мақсатта: Ересектерге күніне 3-5 рет 50-100 мг, балаларға - күніне 2-3 рет 50-100 мг тағайындайды.

Емдеу ұзақтығын және дозаны емдеуші дәрігер анықтайды.

Жағымсыз әсерлері

- препарат компоненттеріне аллергиялық реакциялар болуы мүмкін
- үлкен дозаларды ұзақ қабылдаған кезде – бас ауыруы, орталық жүйке жүйесінің жоғары қозуы, ұйқысыздық
- орташа поллакиурия, ұзақ қабылдағанда – гипероксалурия, нефролитиаз, бүйректің гломерулярлық аппаратының зақымдануы
- асқазан-ішек жолы шырышты қабығының тітіркенуі, ұзақ қабылдағанда - жүректің айнуы, құсу, диарея, іштің ауыруы, гиперацидтік гастрит, АІЖ шырышты қабығының улыцерациясы
- ұзақ қабылдағанда – капиллярлардың өткізгіштігінің төмендеуі
- тері бөртпесі, тері гиперемиясы
- гемолиздік анемия

Зертханалық көрсеткіштердің өзгеруі

- тромбоцитоз, гиперпротромбинемия, эритропения, нейтрофильді лейкоцитоз, гипокалиемия, глюкозурия

Басқалары: ұйқы безі инсулярлық аппаратының функциясын бәсеңдетуі

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- аскорбин қышқылына жоғары сезімталдық

- ұзақ қолданғанда - қант диабеті, гипероксалурия, нефролитиаз, талассемия, глюкоза-6-фосфатдегидрогеназаның тапшылығы

- 6 жасқа дейінгі балалар

Сақтықпен қант диабетінде, глюкоза-6-фосфатдегидрогеназаның тапшылығында, гемохроматозда, сидеробласты анемияда, талассемияда, гипероксалурияда, бүйрек-тас ауруында

Дәрілермен өзара әрекеттесуі

Аскорбин қышқылы қанда бензилпенициллин мен тетрациклиндер концентрациясын жоғарылатады.

Эстрогендермен бір мезгілде қолданғанда – қан сарысуындағы гормон деңгейін арттырады, құрамында эстрогендер бар оральді контрацептивтермен бір мезгілде қолданғанда – контрацептивтік әсерін азайтады. Тетрациклиндік қатардың антибиотиктерімен (доксциклиннен басқа) бір мезгілде қолдану ұсынылмайды, оларды қабылдау аралығы кемінде 2 сағатты құрауы тиіс. Аскорбин қышқылы пенициллин тобы препараттарының, темірдің сіңуін жоғарылатып, гепариннің, тікелей емес антикоагулянттардың әсер етуін азайтады, салицилаттармен емдеген кезде кристаллурияның туындау қаупін ұлғайтады. Аскорбин қышқылы глюкозамен бірігіп салицилаттардың, бензилпенициллин мен тетрациклиндердің қан сарысуындағы концентрациясын арттырады.

Құрамында алюминий бар антацидтер

Құрамында алюминий бар антацидтер мен аскорбин қышқылын бір мезгілде қолдану ұсынылмайды, өйткені сүйек тіні мен орталық жүйке жүйесінде уыттылықтың жинақталуына алып келуі мүмкін. Құрамында алюминий бар антацидтер мен аскорбин қышқылын бір мезгілде қолдану ұсынылмайды, әсіресе бүйрек жеткіліксіздігі бар науқастарда, себебі бүйрек арқылы алюминийдің шығарылуы артады.

Салицилаттар

Салицилаттардың қандағы концентрациясын арттырады және оксалатурияның даму қаупін арттырады. Салицилаттарды аскорбин қышқылымен бір мезгілде қолдану аскорбин қышқылының шығарылуын күшейтеді.

Дисульфирам

Жекелеген жағдайларда, аскорбин қышқылы этанолдың дисульфираммен өзара әрекеттесуі симптомдарын басуға арналған арнайы антидот ретінде пайдаланылуы мүмкін. Абстиненттік синдромы бар пациенттерде қолданылғанда аскорбин қышқылын бір мезгілде қолдану дисульфирамның тиімділігін тежеуі мүмкін екендігі күтіледі. Ұзақ

қолданғанда немесе үлкен дозаларда қолданғанда аскорбин қышқылы дисульфирам-алкогольдің өзара әрекеттесуін бұзуы мүмкін.

Несептің қышқылдылығына әсер ететін препараттар (мысалы, амфетамин, мексилетин)

Аскорбин қышқылымен несеп қышқылдылығының арттуы цистеиннің, несеп қышқылының немесе оксалаттық тастардың шөгуін туғызуы мүмкін және бір мезгілде қолданылатын кейбір басқа препараттардың экскрециясын өзгертеді. Кейбір препараттардың бөлініп шығуы несеп қышқылдылығының артуы есебінен жоғарылауы мүмкін. Пациенттің жағдайын үнемі қадағалап отыру керек. Егер өзара әрекеттесу реакциясы байқалса, аскорбин қышқылын тоқтату немесе дозасын түзету мәселесін шешіп алу қажет. Гепарин мен тікелей емес антикоагулянттардың тиімділігін төмендетеді. Аскорбин қышқылының жоғары дозалары несептің айқын қышқылдануын туындатады және мексилетиннің бүйректік шығарылуын арттырады.

Варфарин

Аскорбин қышқылының жоғары дозалары антикоагулянт варфариннің әсерін азайтады. Аскорбин қышқылын күнделікті 5 г немесе одан көп дозада қабылдап жүрген пациенттерде коагуляция көрсеткіштерін бақылауға алу және варфариннің дозасын сәйкесінше таңдау қажет.

Аскорбин қышқылы кумарин туындыларының антикоагуляциялық әсерін азайтады.

Этинилэстрадиолдың, тетрациклиннің және пенициллиндердің сіңуін арттырады.

Темірдің сіңуі мен оның қалпына келтірілген түрде жинақталуына ықпал етеді.

Амфетамин / декстроамфетамин/ бензфетамин

Аскорбин қышқылын декстроамфетаминмен, амфетаминмен немесе бензфетаминмен бірге пайдалану аталған препараттардың әсерін төмендетуі мүмкін.

Дефероксаминмен бір мезгілде қолданғанда оның әсерін әлеуеттендіреді және темірдің экскрециясын арттырады. Аскорбин қышқылын дефероксаминмен бір мезгілде қабылдағанда темірдің уыттылығын, әсіресе миокардта арттырады. Кардиомиопатия және іркілісті жүрек жеткіліксіздігі жағдайлары дефероксамин қабылдайтын және одан кейін аскорбин қышқылын қабылдаған идиопатикалық гемохроматоз және талассемиясы бар пациенттерде тіркелген. Мұндай пациенттерде аскорбин қышқылын сақтықпен қолданған жөн, жүрек функциясын мұқият қадағалау ұсынылған.

Шылым шегу және этил спирті аскорбин қышқылының метаболизмін жеделдетеді және оның организмдегі мөлшерін төмендетеді.

Хинолиндік қатардың препараттары, кальций хлориді, салицилаттар, кортикостероидтар ұзақ уақыт қолданылғанда С дәруменінің қорын тауысады. Аскорбин қышқылын *барбитураттармен* немесе *примидонмен* бір мезгілде пайдалану аскорбин қышқылының несеппен экскрециясын

күшейтеді. *Целлюлоза натрий фосфатымен* бір мезгілде қолдану аскорбин қышқылының оксалатқа метаболизденуіне әкелуі мүмкін.

Аскорбин қышқылы қан және несеп үлгілерінде креатининді, несеп қышқылын және глюкозаны биохимиялық анықтауға кедергі келтіруі мүмкін.

Айрықша нұсқаулар

С дәрумені организмде жиналмайды. Организмнің С дәруменінің күнделікті қажеттілігінен артық дозада қолданғанда, ол несеппен шығарылады.

Аскорбин қышқылын тәулігіне 500 мг асатын дозаларда қолдану глюкоза-6-фосфатдегидрогеназа тапшылығы, орақ тәрізді жасушалы анемиясы бар адамдарда гемолиздік кризге түрткі болуы, сол жақ қарыншаның жедел жеткіліксіздігінің дамуына әкелуі мүмкін.

Несептас ауруы бар пациенттерге ерекше сақтықпен тағайындайды, жоғары дозаларын ұзақ уақыт қолдану ұсынылмайды.

Организмінде темірдің жоғары мөлшерімен пациенттерге аскорбин қышқылын төмен дозаларда қабылдау керек. Аскорбин қышқылының жоғары дозалары оксалаттардың экскрециясын күшейтеді, бүйректе тастардың пайда болуына ықпал етеді.

Зертханалық көрсеткіштерге әсері.

Аскорбин қышқылы күшті тотықсыздандырғыш болып табылады, бұл тотығу-тотықсыздану реакциялары негізінде жүзеге асатын зертханалық тестілердің көптеген көрсеткіштеріне әсер етеді. Диабеттен зардап шегетін, аскорбин қышқылын күніне 500 мг артық қабылдайтын пациенттерде несептегі глюкоза тестісі кезінде жалған көрсеткіштер алынуы мүмкін. Нәжісте жасырын қанды анықтау кезінде жалған теріс нәтижелерді болдырмас үшін, зерттеуге дейін 48 - 72 сағатқа дейінгі аралықта аскорбин қышқылын қабылдамау қажет.

Жүктілік және лактация кезеңі

Жүктілік кезінде сақтықпен қолдану керек, өйткені С дәруменінің жоғары дозалары (тәулігіне 1 г асатын) эстрогендер синтезінің жоғарылауына байланысты түсік тастауды туындатуы мүмкін. Жүктілік және лактация кезеңінде дәрігермен кеңескеннен кейін ғана қолдану керек.

Дәрілік заттың көлікті немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Әсер етпейді.

Артық дозалануы

Симптомдары: диарея, жүрек айнуы, АІЖ шырышты қабығының тітіркенуі, метеоризм, түйілу сипатындағы абдоминальді ауыру, несептің жиі шығарылуы, нефролитиаз.

Емі: симптоматикалық, күшейтілген диурез.

Шығарылу түрі және қаптамасы

10 таблеткадан біріктірілген «Композит» материалынан жасалған парафинделген қағазға немесе біріктірілген «ПЭТ» полимерлік үлбірге қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тіліндегі нұсқаулықпен бірге қапталған.

Сақтау шарттары

Құрғақ, жарықтан қорғалған жерде, 25°C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Сақтау мерзімі

3 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін пайдалануға болмайды.

Босатылу шарттары

Рецептсіз

Өндіруші

«Сұлтан» ЖШС, Қазақстан, Алматы обл., Талғар ауданы, Еркін кенті, Б. Момышұлы к-сі, 5

Тіркеу куәлігінің иесі

«Сұлтан» ЖШС, Қазақстан

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан өнім (тауар) сапасына қатысты шағымдарды қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның мекенжайы «Сұлтан» ЖШС, Алматы обл., Талғар ауданы, Еркін кенті, Б. Момышұлы к-сі, 5

Телефон/факс, E-mail (727) 305-48-65/-80, 304-98-32

toosultan@list.ru